

Сабақтың тақырыбы

Сын есімді қайталау.

Лексикалық тақырып:

«Қорғаушының қызметі»

Сабақтың мақсаттары:

1. **Білімділік:** Сын есім туралы толық теориялық білім бере отырып, сөйлем ішінен сын есімді тауып, сұрақ қоюға, сұраққа ынта- ықыластарын аудару.

2. **Дамытушылық:** оқушының алдыңғы өткен сабақтарды қайталай келіп, тілдерін, ой өрістерін, дұрыс сөйлеу дағдыларын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

3. **Тәрбиелік:** жинақталған білімдерін пайдалана отырып, сөздік қорларын толықтыру, ауызекі тілде еркін жеткізуін қалыптастыру. Кішіпейілділікке, жылдамдыққа, мәнерлі сөйлеуге, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Сұрақ-жауап

Сапалық сын есім
дегеніміз не?

Сұрақ-жауап

сапалық сын есімдер
заттың түр-түсін,
сыр-сипатын, сапа
белгісін білдіреді

Сұрақ-жауап

Қатыстық сын есімдер
қандай жұрнақтар
арқылы жасалады?

Сұрақ-жауап

-ЛЫ/ЛІ, -ДЫ/ДІ, -ТЫ/ТІ,

-ДАЙ/ДЕЙ, -ТАЙ/ТЕЙ,

- ЛЫҚ/ЛІК, -ДЫҚ/ДІК,

-ТЫҚ/ТІК, -СЫЗ/СІЗ,

-ҒЫ/ГІ, -ҚЫ/КІ

Сұрақ-жауап

Тұлғасына қарай сын
есімдер неге бөлінеді?

Сұрақ-жауап

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ

кестені толтыру

Зат есім

- білім
- ақыл
- инабат
- сабыр
- парасат
- өнеге
- жауапкершілік
- қабілет
- жігер
- шыдам

Сын есім

жаңа сөздер, сөз тіркестері

- құжат(тар) толтыру – заполнить документ
- білімді меңгеру – овладеть знаниями
- жеке кәсіпорын – частное предприятие
- жәбірленушіге көмек көрсету – оказать помощь потерпевшему
- айыпкерді тұтқындау – арестовать обвиняемого
- қорғаушыны тағайындау – назначить адвоката
- жүзеге асыру – осуществить
- нығайту – укрепить, закрепить
- құқықты қорғау – защищать права
- заңды қабылдау – принять закон

Мәтін «Қорғаушының қызметі»

Қорғаушылардың қоғамдағы ролі өте ерекше. Олар тек азаматтардың құқықтарын қорғап қана қоймайды, сонымен қатар сот әділдігінің іске асуына, заңдылықтың нығаюына септігін тигізеді.

Қорғаушылар өз ісін заңға сәйкес, тәуелсіз жүзеге асырады. Ол заң кеңесшісі ретінде мекемелердің, өндіріс орындарының, жеке кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың басшыларына заңдарды түсіндіріп береді. Оны дұрыс пайдалану жолын үйретеді. Азаматтарға жеке кеңес беріп, тиісті құжаттарды толтыруға көмектеседі. Сондықтан, қорғаушы заңның барлық саласын жақсы білуі керек.


Сұрақ-жауап

- 1). Қорғаушы (адвокат) қандай болуы керек?
- 2). Қорғаушы (адвокат) қандай болмауы керек?
- 3). Қорғаушы (адвокат) нені білуі керек?


мына формуланы толтырыңыз

Сын есім + зат есім

Мемлекеттік



Ресми



Сергіту сәті

Шарты: Сыныптағы әр оқушы өзінің аты қандай әріптен басталса, оған сол әріптен басталатын сын есім сөзін қосып айтады. Мысалы: Айнұр - ақылды. Әсем - әдепті.

Сөйлемдерге көп нүктенің орнына керекті сын есімдерді қойыңыз.

Ағамның ... адвокаттық кеңсесі бар. Онда бес ... заңгер жұмыс істейді. Олар ... , ... адвокаттар. Қорғаушы заңның барлық саласын ... білуі керек. Ол азаматтарға ... кеңес береді, заңды түсіндіреді.

Сұхбаттасу

Мекеме заңгерінің
қабылдауында.

Рөлге бөліп оқу.

Үй тапсырмасы

Мәтінді оқу, орыс тіліне аудару. Сұхбат құрастырып келу. Сіз фирманың директорысыз. Жас маманмен әңгімелесіңіз. Оның міндеттері мен құқықтарын түсіндіріңіз.